

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары әскери-дәрігерлік комиссияларының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының Үлгі біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 11 қыркүйектегі № 623 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 17 қыркүйекте № 21222 болып тіркелді.

2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 16-бабы 17) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН**:

1. Қоса берілген Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары әскери-дәрігерлік комиссияларының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының Үлгі біліктілік сипаттамалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясы (М.Ш. Ниязов) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің аппарат басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық ол алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министри

E. Тургумбаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Еңбек және әлеуметтік даму
министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер Министрінің
2020 жылғы 11 қыркүйегі
№ 623 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары әскери-дәрігерлік комиссияларының басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгі біліктілік сипаттамалары

1-бөлім. Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары әскери-дәрігерлік комиссияларының басшылары мен мамандары лауазымдарының үлгі біліктілік сипаттамалары

1-тaraу. Басшылар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

Ескерту. 1-тaraу жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашкы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-параграф. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясының төрағасы – Басқарма бастығының орынбасары – дәрігер

1. Лауазымдық міндеттері:

Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының әскери-дәрігерлік комиссияларының (бұдан әрі - ПО ӘДК) қызметіне басшылық жасайды;

ПО ӘДК қызметінде занылышты сақтай отырып, тиісті контингентке әскери-дәрігерлік сараптама жүргізууді ұйымдастыруды қамтамасыз етуді және бақылауды жүзеге асырады;

ІМ номенклатурасына кіретін лауазымдарды атқаратын жоғары басшы құрамдағы адамдардың ауруы туралы куәліктерін қарайды және бекітеді;

Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының және Мемлекеттік фельдъегерлік қызметінің бұрынғы қызметкерлерінің әскери қызметке жарамдылық санаты туралы ПО ӘДК қорытындыларын көрсетілген кезеңнің медициналық сараптамалық құжаттамасы бойынша оларды босату кезеңіне қайта қарауды жүзеге асырады;

құқық қорғау органдарының оқу орындарына түсетін кандидаттарды түпкілікті куәландыру кезінде практикалық көмек көрсету және ұйымдастыру үшін бақылауды жүзеге асырады;

ПО ӘДК қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды және маманданудан өтуін қамтамасыз етуді ұйымдастыру үшін бақылауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарында әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша, оларды практикалық қолдану жөніндегі нұсқаулықтарды, түсіндірмелер мен ұсынымдарды, есепке алу және есеп беру тәртібі бойынша ІМ-нің ведомствоның нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді;

басқа да нормативтік актілерге әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша ұсыныстар енгізеді;

әскери-дәрігерлік сараптама, медициналық қуәландыру жүргізуді дамыту мен үйымдастыруды жетілдіру, жұмыстың жаңа үйымдастырушық нысандары мен әдістерін енгізу және қолданыстағылардың тиімділігін арттыру бойынша әдістемелік жұмысты үйымдастыруды жүзеге асырады;

әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша өтініштерді қарайды және азаматтарды қабылдауды, осы жұмыстың нәтижелерін талдауды және қорытуды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы ПМ Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясының жұмысын жоспарлауды жүргізеді;

ПО ӘДК-да медициналық қуәландыру нәтижелерін қорытуды және талдауды, жылдық есептің жасалуын бақылауды жүзеге асырады;

әскери-дәрігерлік сараптама және психологиялық іріктеу мәселелері бойынша кеңестерге, ғылыми-практикалық конференцияларға, жиындарға материалдар дайындайды және қарайды;

ПО ӘДК мамандарының ішкі істер органдарының басқа да бөліністерінің және мемлекеттік органдардың мамандарымен әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша тиімді өзара іс-қимыл жасасуды қамтамасыз етеді;

мемлекеттік органдарда, үйымдар мен сотта ПО ӘДК мүддесін қорғайды;

ішкі еңбек тәртібі талаптарын және еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, медицина қызметкерінің құпиясын, этика нормаларын, субординация және дара басшылық принципін сақтайды және мамандардың сақтауын қамтамасыз етеді;

қызметкерлердің еңбек уәждемесін, ықпалын және белсенділігін дамытуға, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераның қалыптасуына, адам өміріне және денсаулығына қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға мүмкіндік етеді;

Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, санитариялық-эпидемиологиялық режимі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын, мүліктің сақталуын және аспаптардың, жабдықтар мен механизмдердің техникалық тиімді пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

ПМ басшылығының заңнамада көзделген өзге де тапсырмаларын орындауды.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясын;

Қазақстан Республикасының "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексін (бұдан әрі - "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексі);

Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін (бұдан әрі - Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі);

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Зан);

"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Зан);

"Күккүйктық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі - "Күккүйктық актілер туралы" Заң);

әскери-дәрігерлік сараптама мәселелеріне қатысты күккүйктық актілерді;

денсаулық сақтауды ұйымдастыру мен басқару жүйесінің теориялық негіздерін, статистикасын;

қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесінің негіздерін;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

денсаулық сақтау саласындағы жоғары немесе жоғары оку орнынан кейінгі білімнің (қоғамдық денсаулық сақтау; жалпы медицина; медициналық-профилактикалық іс; денсаулық сақтау менеджменті; емдеу ісі; жалпы дәрігерлік практика; отбасылық медицина; терапия; ересектер, балалар кардиологиясы; ересектердің, балалардың ревматологиясы; ересектердің, балалардың гастроэнтерологиясы; ересектердің, балалардың гематологиясы; ересектер, балалар онкологиясы; ересектердің, балалардың пульмонологиясы; ересектер, балалар эндокринологиясы; ересектердің, балалардың нефрологиясы; ересектердің, балалардың жұқпалы аурулары; ересектердің, балалардың невропатологиясы (неврологиясы); ересек, балалар психиатриясы; педиатрия; ересектердің, балалардың анестезиологиясы және реаниматологиясы; ересектердің, балалардың шұғыл медицинасы; жалпы хирургия; балалар хирургиясы; ересектер, балалар кардиохирургиясы; ересектердің, балалардың ангиохирургиясы; ересектердің, балалардың нейрохирургиясы; ересектердің, балалардың травматология-ортопедиясы; ересектердің, балалардың урологиясы мен андрологиясы; ересектердің, балалардың офтальмологиясы; ересектердің, балалардың оториноларингологиясы; төтенше жағдайлар мен апаттар медицинасы; стоматология);

денсаулық сақтауды ұйымдастыру бойынша біліктілікті арттыру туралы өзекті куәліктің не маманның өзекті сертификатының және негізгі клиникалық мамандықтардың бірі (терапия, хирургия, неврология, психиатрия, офтальмология, оториноларингология) бойынша біліктілікті арттыру туралы өзекті куәліктің болуы;

денсаулық сақтау ұйымдарында басшылықлауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе денсаулық сақтау ұйымдарында клиникалық немесе сараптамалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

Ескерту. 1-параграф жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 26.06.2025 № 472 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгымен.

2-параграф. Бөлім бастығы-дәрігер-облыстық, респубикалық маңызы бар қаланың Полиция департаменті әскери-дәрігерлік комиссиясының төрағасы

Ескеरту. 1-тарау 2-параграфпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.06.2025 № 472 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-1. Лауазымдық міндеттері:

облыстық, республикалық маңызы бар қаланың Полиция департаменті әскери-дәрігерлік комиссиясының (бұдан әрі – ӘДК) қызметіне басшылық жасайды, саясатын, стратегиясын және қызметін жүзеге асыру тетігін анықтайды, ӘДК заңдылықтың сақталуын, әскери-дәрігерлік сараптама өткізуудің толықтығын және объективтілігін қамтамасыз етеді;

ӘДК мамандарының барлығына міндетті өкімдер шығарады, қабылданатын шешімдерге жауап береді;

құқық қорғау органдарындағы медициналық куәландыру тиімділігін, ұйымдастыру және өткізу сапасын жоғарылатуға бағытталған жаңа ұйымдастыру формаларын енгізууді және қолданыстағы жұмыс әдістерін жетілдіруді, олардың денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен бекітілген стандарттарға сәйкес келуін қамтамасыз етеді;

ӘДК мамандарының өзара іс-қимылдарының тиімділігін қамтамасыз етеді, олардың іс-әрекеттерін құқық қорғау органдарында медициналық куәландыру өткізууді ұйымдастыруды және дамытуды жетілдіруге бағыттайты;

қызметке қабылданатын, оқу орындарына түсетін азаматтарды, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін медициналық куәландыруды ұйымдастыруды және оны алқалы өткізууді қамтамасыз етеді;

құқық қорғау органдарының қызметкерлері зақымдарының (жаралануының, контузиясының, жарақаттануының), ауруларының себепті байланысын анықтайты;

ӘДК қызметін талдауды іске асырады және оның жұмыс көрсеткіштерін бағалау негізінде бөліністің жұмыс нысандарын және әдістерін жақсарту бойынша қажетті іс-шаралар қабылдайды, есептерді дер кезінде ұсынуды қамтамасыз етеді;

ішкі істер органдарының басқа да қызметтерінің, бөліністерінің және басқа да мемлекеттік органдардың мамандарымен әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;

мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта ӘДК мұддесін қорғайды;

медициналық құжаттаманы, есепке алу-есеп беру құжаттамасын уақтылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді;

әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері бойынша ведомствоның құқықтық актілерді, нұсқаулыштарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

ӘДК-ны білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіптік білімі мен тәжірибесін тиімді пайдалану, мамандардың біліктілігін жоғарылату, олардың кәсіптік білімін дамыту бойынша іс-шаралар қабылдайды;

ішкі еңбек тәртібі талаптарын және еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, медицина қызметкерінің құпиясын, этика нормаларын, субординация және дара басшылық принципін сақтайды және мамандардың сақтауын қамтамасыз етеді;

қызметкерлердің еңбек уәждемесін, ықпалын және белсенделілігін дамытуға, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераның қалыптасуына, адам өміріне және денсаулығына қауіпсіз еңбек жағдайын жасауға мүмкіндік береді;

Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, санитариялық-эпидемиологиялық режимі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын, мүліктің сақталуын және приборлардың, жабдықтардың және механизмдердің техникалық тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді;

3-2. Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексін;

Әкімшілік ресімдік-процестік кодексін;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Заңын;

"Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Заңын;

"Құқықтық актілер туралы" Заңын;

әскери-дәрігерлік сараптама мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді;

денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару жүйесінің теориялық негіздерін;

қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесінің негіздерін;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

3-3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) медициналық білім ("Қоғамдық денсаулық сақтау", "Жалпы медицина", "Медициналық-профилактикалық іс", "Емдеу іci", "Педиатрия" мамандықтары бойынша), магистр/ғылыми дәрежесi/ PhD докторы және (немесе) денсаулық сақтауды ұйымдастыру бойынша бірінші біліктілік санатынан кем емес ("Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджментi") немесе клиникалық мамандықтар (терапия, хирургия, неврология, психиатрия, отоларингология, офтальмология) дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау ұйымдарында басшылықлауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл немесе денсаулық сақтау ұйымдарында клиникалық немесе сараптамалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

2-тарау. Мамандарлауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Сырттай сараптама жөніндегі бас сарашы-дәрігер

Ескеरту. 1-параграф жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Лауазымдық міндеттері:

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарындағы медициналық куәландыру көлеміне және сапасына, аурулардың және физикалық жай-күйдің сараптамалық анықталуына сараптама жүргізеді;

әскери қызметке, құқық қорғау органдарындағы қызметке жарамдылық санаты туралы қабылданған сараптамалық қорытындылардың негізділігіне және зақымдардың, аурулардың қызмет өткерумен (қызмет міндеттерін орындаумен) себепті байланысының тұжырымдарына бақылау жүргізеді;

ішкі істер органдарының төменгі тұрған штаттық және штаттық емес (уақытша жұмыс істейтін) әскери-дәрігерлік комиссияларының қызметіне бағалау және талдау жүргізеді, оларға әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша кеңестік, әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетеді;

төменгі тұрған әскери-дәрігерлік комиссиялардың құрамын келісуді қамтамасыз етеді;

төменгі тұрған әскери-дәрігерлік комиссиялар мамандарын даярлауға және олардың біліктілігін жоғарылатуға бақылау жүргізеді;

әскери-дәрігерлік сараптама материалдары бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлері тексеруден, емдеуден және куәландырудан өтетін ведомстволық емдеу мекемелеріндегі (бөліністеріндегі) және басқа да деңсаулық сақтау мекемелеріндегі емдеу-диагностикалық жұмысты талдауды жүзеге асырады;

әскери-дәрігерлік сараптама материалдары бойынша ведомстволық емдеу мекемелерінің (бөліністерінің) және басқа да деңсаулық сақтау мекемелерінің емдеу-диагностикалық жұмысын тексеруге қатысады;

әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша азаматтардың өтініштерін қарайды және оларды қабылдауды жүргізеді, осы жұмыстың нәтижелерін талдайды және жинақтайды;

азаматтардың, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы атқарушы орган бөліністерінің, зейнетақымен қамтамасыз етуді жүзеге асыратын органдардың, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлердің және әскери құрылымдардың, құқық қорғау органдарының, сот және прокуратура кадр қызметтерінің өтініштері негізінде құқық қорғау органдарының кадрлар аппараттары үшін заң күші бар қорытындыларды (қаулыларды) ресімдейді;

құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сараптамалық-медициналық күжаттары бойынша алқалы түрде сырттай әскери-дәрігерлік сараптама өткізеді, аурулардың және оның ішінде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің өліміне (қаза табуына) әкеп соқтырған зақымдардың себепті байланысын, қызметкерлер алған зақымдардың (жараланудың, жарақаттанудың, контузияның) ауырлық дәрежесін анықтайды;

аурулардың және оның ішінде өлімге (қаза табуына) әкеп соқтырган зақымдардың майданда болумен, басқа да әскери іс-қимылдармен, қызмет өткерумен, әскери қызмет міндеттерін орындаумен, бұрынғы қызметкерлердің және әскери қызметшілердің қызмет міндеттерін орындауымен себепті байланысын алқалы түрде анықтайды;

медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияларымен өзара іс-әрекеттерді іске асырады;

ауру, зақым алу себептері мен жағдайлары көрсетілген құжаттарға, қызметтік және медициналық сипаттамаларға, сараптамалық құжаттарға, әкімшілік және қызметтік тексеру, алдын ала тексеру немесе қылмыстық іс, аттестациялау материалдарына, әскери-медициналық мекемелердің, мұрағат мекемелерінің анықтамаларына сұрау салуды жүргізеді және оларды назарға алады;

жоғары басшы құрамдағы адамдардың Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Орталық әскери-дәрігерлік комиссиясына (бұдан әрі – ПМ ОӘДК) бекітілуге жататын ауруы туралы куәліктерін қарайды;

бұдан бұрын құқық қорғау органдарындағы, Ұлттық қауіпсіздік комитетіндегі, Қарулы Күштердегі, қызметтен босатылған, ауруы бойынша мерзімдік қызметтен босатылған және құқық қорғау органдарына қабылдануына (қайта қабылдануына) байланысты тәменгі әскери-дәрігерлік комиссияларда куәландырылған адамдардың медициналық сараптамалық құжаттамасын және қорытындыларын қарайды;

медициналық құжаттаманы, есепке алу-есеп беру құжаттамасын уақтылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді;

әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері, есепке алу және есеп беру тәртібі бойынша ведомстволық құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, медицина қызметкерінің қупиясын, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидатын сактайды;

Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, санитариялық-эпидемиологиялық режимі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуына, сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және приборлардың, жабдықтардың және механизмдердің техникалық тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді ;

5. Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексті;

Әкімшілік ресімдік-процестік кодексті;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Құқықтық актілер туралы" Зандарын;

әскери-дәрігерлік сараптама мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді;

денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару жүйесінің теориялық негіздерін, статистиканы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

6. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) медициналық білім ("Қоғамдық денсаулық сақтау", "Жалпы медицина", "Медициналық-профилактикалық іс", "Емдеу іci", "Педиатрия" мамандықтары бойынша), магистр/ғылыми дәрежесi/ PhD докторы және (немесе) денсаулық сақтауды ұйымдастыру бойынша бірінші біліктілік санатынан кем емес ("Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті") немесе клиникалық мамандықтар (терапия, хирургия, неврология) дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау ұйымдарындағы клиникалық немесе сараптамалық жұмыс өтілі (тәжірибесі) кемінде 3 жыл.

1-1-параграф. Сырттай сараптама жөніндегі жетекші сарашы-дәрігер

Ескерту. 2-тaraу 1-1-параграфпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-1. Лауазымдық міндеттері:

Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарындағы медициналық куәландыру көлеміне және сапасына сараптама, ауруларды және физикалық жағдайлардың ерекшеліктерін сараптамалық анықтауды өткізеді;

ӘДК-ны білікті кадрлармен қамтамасыз ету және мамандардың біліктілігін жоғарылату бойынша әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

ішкі істер органдарының төменгі тұрған штаттық және штаттық емес (уақытша жұмыс істейтін) әскери-дәрігерлік комиссиялары қызметінің соңғы нәтижелерін бағалайды;

ӘДК қызметін талдау материалдары бойынша және көрсеткіштерді бағалау негізінде комиссиялар мамандарының жұмыс формалары мен әдістерін жақсартуға арналған әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

аурулардың және зақымдардың, оның ішінде құқық қорғау органдарының және әскери қызметшілерінің өліміне (қаза табуына) әкеп соқтырған аурулар мен зақымдардың (жаралану, жарақаттану, контузия) ауырлық дәрежесінің себепті байланысын анықтауға арналған сырттай әскери-дәрігерлік сараптама материалдарын әзірлеу бойынша әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

аурулардың және зақымдардың, оның ішінде өлімге әкеп соқтырған зақымдардың майданда болуымен, басқа да әскери іс-қимылдармен, қызмет өткерумен, әскери қызмет міндеттерін орындаумен, бұрынғы қызметкерлердің және әскери қызметшілердің қызмет міндеттерін орындаумен себепті байланысын анықтауға арналған құжаттарды әзірлеу бойынша әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

ауру, зақым алу себептері мен жағдайлары көрсетілген құжаттарға, қызметтік және медициналық сипаттамаларға, сараптамалық құжаттарға, әкімшілік және қызметтік тексеру, алдын ала тексеру немесе қылмыстық іс, аттестациялау материалдарына, әскери-медициналық мекемелердің, мұрағат мекемелерінің анықтамаларына сұрау салуды жүргізеді;

сырттай сараптама материалдары бойынша медициналық құжаттаманы дер кезінде және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді, есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді;

әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша, есепке алу және есеп беру тәртібі бойынша ведомствоның құқықтық әктілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді, әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, медицина қызметкерінің құпиясын, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидатын сақтайды;

Сараптамалық құжаттаманың сақталуын, сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және приборлардың техникалық пайдаланылуын, жабдықтардың және механизмдердің техникалық тиімді пайдалануын, Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, санитариялық-эпидемиологиялық режимі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

6-2. Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексті;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті,

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Құқықтық актілер туралы" Зандарын,

әскери-дәрігерлік сараптама мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді;

денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару жүйесінің теориялық негіздерін, статистиканы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

6-3. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) медициналық білім ("Қоғамдық денсаулық сақтау", "Қоғамдық денсаулық сақтау", "Медициналық-профилактикалық іс", "Емдеу ісі", "Педиатрия" "Жалпы медицина" мамандықтары бойынша), магистрдің дәрежесі/ғылыми дәрежесі/ PhD докторы дәрежесінің болуы және (немесе) денсаулық сақтауды ұйымдастыру бойынша ("Қоғамдық денсаулық сақтау", "Денсаулық сақтау менеджменті") маманының немесе клиникалық мамандықтардың (терапия, хирургия, неврология, психиатрия, отоларингология, офтальмология) бірі бойынша сертификатының (куәлігінің) болуы;

денсаулық сақтау ұйымдарындағы клиникалық немесе сарапшылық жұмыс өтілі 3 жылдан кем емес.

2-параграф. Бас сарапшы-дәрігер (салалық маман)

Ескерту. 2-параграф жана редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Лауазымдық міндеттері:

қызметке қабылданатын, оқу орындарына түсетін азаматтарды, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін медициналық куәландыруды жүзеге асырады;

әскери-дәрігерлік сараптама материалдары бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлері тексеруден, емдеуден және куәландырудан өтетін ведомстволық емдеу мекемелеріндегі (бөліністеріндегі) және басқа да денсаулық сақтау мекемелеріндегі емдеу-диагностикалық жұмысты талдауды жүзеге асырады;

әскери-дәрігерлік сараптама материалдары бойынша ведомстволық емдеу мекемелерінің (бөліністерінің) және басқа да денсаулық сақтау мекемелерінің емдеу-диагностикалық жұмысын тексеруге қатысады;

ішкі істер органдарының төменгі тұрған штаттық және штаттық емес (уақытша жұмыс істейтін) әскери-дәрігерлік комиссияларының қызметіне бағалау және талдау жүргізеді, оларға әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша кеңестік, әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетеді;

төменгі тұрған әскери-дәрігерлік комиссиялардың қорытындыларына шағым түскен жағдайда азаматтарды куәландыруды және қайта куәландыруды жүргізеді;

құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сараптамалық-медициналық құжаттары бойынша алқалы түрде сырттай әскери-дәрігерлік сараптама өткізеді, аурулардың және оның ішінде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің өліміне (қаза табуына) әкеп соқтырған зақымдардың себепті байланысын, қызметкерлер алған зақымдардың (жараланудың, жарақаттанудың, контузияның) ауырлық дәрежесін анықтайды;

жоғары басшы құрамдағы адамдардың ПМ ОӘДК-де бекітілуге жататын ауруы туралы куәліктерін қарайды;

медициналық әлеуметтік сараптама комиссияларымен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;

медициналық құжаттаманы, есепке алу-есеп беру құжаттамасын уақтылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді;

әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері, есепке алу және есеп беру тәртібі бойынша ведомстволық құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

еңбек тәртібін, этиканы, деонтологияны, медицина қызметкерінің құпиясын, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидатын сақтайды;

Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, санитариялық-эпидемиологиялық режимі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуына, сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және приборлардың, жабдықтардың және механизмдердің техникалық тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді ;

8. Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексті;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл күрес туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Құқықтық актілер туралы" Зандарын;

әскери-дәрігерлік сараптама мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді,

денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару жүйесінің теориялық негіздерін және статистиканы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

9. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) медициналық білім, магистр/ғылыми дәрежесі/ PhD докторы немесе лауазымының атауына сәйкес келетін мамандығы бойынша бірінші біліктілік санатынан кем емес дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау ұйымдарындағы клиникалық немесе лауазымының атауына сәйкес келетін мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

3-параграф. Аға сарашы-дәрігер (салалық маман)

10. Лауазымдық міндеттері:

қызметке қабылданатын, оку орындарына түсетін азаматтарды, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін медициналық куәландыруды жүзеге асырады;

әскери-дәрігерлік сараптама материалдары бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлері тексеруден, емдеуден және қуәландырудан өтетін ведомстволық емдеу мекемелеріндегі (бөліністеріндегі) және басқа да денсаулық сақтау мекемелеріндегі емдеу-диагностикалық жұмысты талдауды жүзеге асырады;

әскери-дәрігерлік сараптама материалдары бойынша ведомстволық емдеу мекемелерінің (бөліністерінің) және басқа да денсаулық сақтау мекемелерінің емдеу-диагностикалық жұмысын тексеруге қатысады;

ішкі істер органдарының төменгі тұрған штаттық және штаттық емес (уақытша жұмыс істейтін) әскери-дәрігерлік комиссияларының қызметіне бағалау және талдау жүргізеді, оларға әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша кеңестік, әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетеді;

төменгі тұрған әскери-дәрігерлік комиссиялардың қорытындыларына шағым түскен жағдайда азаматтарды куәландыруды және қайта куәландыруды жүргізеді;

құқық қорғау органдары қызметкерлерінің сараптамалық-медициналық құжаттары бойынша алқалы түрде сырттай әскери-дәрігерлік сараптама өткізеді, аурулардың және оның ішінде құқық қорғау органдары қызметкерлерінің және әскери қызметшілердің өліміне (қаза табуына) әкеп соқтырған зақымдардың себепті байланысын, қызметкерлер алған зақымдардың (жараланудың, жарақаттанудың, контузияның) ауырлық дәрежесін анықтайды;

жоғары басшы құрамдағы адамдардың ПМ ОӘДК-де бекітілуге жататын ауруы туралы куәліктерін қарайды;

медициналық-әлеуметтік сараптама комиссияларымен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады;

медициналық құжаттаманы, есепке алу-есеп беру құжаттамасын уақтылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді;

әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері, есепке алу және есеп беру тәртібі бойынша ведомстволық құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

еңбек тәртібін, этиканы, деонтологияны, медицина қызметкерінің құпиясын, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидатын сақтайды;

Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, санитариялық-эпидемиологиялық режимі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуына, сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және приборлардың, жабдықтардың және механизмдердің техникалық тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді ;

11. Қазақстан Республикасының Конституациясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексті;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті;

Қазақстан Республикасының "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Құқықтық актілер туралы" Заңдарын;

әскери-дәрігерлік сараптама мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді,

денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару жүйесінің теориялық негіздерін, статистиканы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

Ескеरту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрүгымен.

12. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) медициналық білім, магистр/ғылыми дәрежесі/ PhD докторы және (немесе) лауазымының атауына сәйкес келетін мамандығы бойынша бірінші біліктілік санатынан кем емес дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау үйымдарындағы клиникалық немесе лауазымының атауына сәйкес келетін мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

4- параграф. Сарапшы-дәрігер (салалық маман)

13. Лауазымдық міндеттері:

ӘДК сараптамалық мамандық саласы бойынша медициналық қуәландыруды жүзеге асырады;

облыс аумағында орналасқан құқық қорғау органдарының оқу және әскери оқу орындарының курсанттарын медициналық қуәландыруды жүргізеді;

әскери-дәрігерлік сараптама материалдары бойынша құқық қорғау органдарының қызметкерлері тексеруден, емдеуден және қуәландырудан өтетін ведомстволық емдеу мекемелеріндегі (бөліністеріндегі) және басқа да денсаулық сақтау мекемелеріндегі емдеу-диагностикалық жұмысты талдауды жүзеге асырады;

әскери-дәрігерлік сараптама материалдары бойынша ведомстволық емдеу мекемелерінің (бөліністерінің) және басқа да денсаулық сақтау мекемелерінің емдеу-диагностикалық жұмысын тексеруге қатысады;

ішкі істер органдарының төменгі тұрған штаттық және штаттық емес (уақытша жұмыс істейтін) әскери-дәрігерлік комиссияларының қызметіне бағалау және талдау жүргізеді, оларға әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша кеңестік, әдістемелік және тәжірибелік көмек көрсетеді;

корытындыларға шағым түсken жағдайда азаматтарды қуәландыруды және қайта қуәландыруды жүргізеді;

медициналық құжаттаманы, есепке алу-есеп беру құжаттамасын уақтылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді;

әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері, есепке алу және есеп беру тәртібі бойынша ведомстволық құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, медицина қызметкерінің құпиясын, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидатын сақтайды;

Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, санитариялық-эпидемиологиялық режимі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуына, сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және приборлардың, жабдықтардың және механизмдердің техникалық тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді ;

14. Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексті;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті;

"Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Құқықтық актілер туралы" Зандарын;

әскери-дәрігерлік сараптама мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді,

денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару жүйесінің теориялық негіздерін, статистиканы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) медициналық білім, магистр/ғылыми дәрежесі/ PhD докторы немесе лауазымының атауына сәйкес келетін мамандығы бойынша екінші біліктілік санатынан кем емес дәрежесінің болуы;

денсаулық сақтау ұйымдарындағы клиникалық немесе лауазымының атауына сәйкес келетін мамандығы бойынша жұмыс өтілі кемінде 1 жыл.

5- параграф. Дәрігер-статистик

16. Лауазымдық міндеттері:

есептік медициналық құжаттаманы жүргізеді, ПМ ОӘДК статистикалық есептерін және барлық ПО ӘДК қызметі бойынша жиынтық статистикалық есептерді жасайды;

ПМ ОӘДК басшылығына есептерді уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

ПМ ОӘДК және облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың Полиция департаменттері ӘДК қызметінің соңғы нәтижелерін талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

облыстардың, респубикалық маңызы бар қалалардың Полиция департаменттері ӘДК мамандарымен статистика, статистикалық есепке алу және есеп беру жай-күйін тексеруді, ұйымдастырушылық-әдістемелік көмек көрсету мәселелері бойынша өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады және есепті дұрыс жүргізу бойынша қажетті ұсыныстар береді;

ПМ ОӘДК басшылығына есепке алу және медициналық статистика жағдайындағы анықталған есептік кемшіліктер туралы баяндайды, оларды жақсартуға бағытталған ұсыныстар енгізеді, статистикалық жұмыстың формасы мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті іс-шараларды қабылдайды;

ұйымдармен, бөліністермен хат алмасу жүргізуге қатысады;

медициналық құжаттаманы, есепке алу-есеп беру құжаттамасын уақтылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді;

әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері, есепке алу және есеп беру тәртібі бойынша ведомстволық құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды өзірлеуге қатысады;

ішкі еңбек еңбек тәртібінің талаптарын және еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, медицина қызметкерінің қупиясын, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидатын сақтайды;

Қазақстан Республикасының қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өрт қауіпсіздігі, санитариялық-эпидемиологиялық режимі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуына, сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және приборлардың, жабдықтардың және механизмдердің техникалық тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді ;

17. Қазақстан Республикасының Конституациясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексті;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Құқықтық актілер туралы" Зандарын;

әскери-дәрігерлік сараптама мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді,

денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару жүйесінің теориялық негіздерін және статистиканы;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

Ескерту. 17-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) медициналық білім, "Денсаулық сақтау менеджменті" ("Қоғамдық денсаулық сақтау") мамандығы бойынша сертификаттық курсты бітіргені туралы куәлігінде болуы, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6- параграф. Медбике

19. Лауазымдық міндеттері:

куәландырылатын адамдарға комиссиядан өту бағдарын түсіндіреді, тексеру түрлеріне жолдама мен бланктер береді;

медициналық куәландыру құжатының төлкүжат бөлігінің дұрыс толтырылуын тексереді;

қорытынды отырыстар өткізу кезеңінде әскери-дәрігерлік комиссияның шешімдерін тіркейді;

ӘДК қорытындыларын электрондық картотекалық есебін жүргізеді;

тіркеу, есепке алу, әзірлеу, сақтау және тиісті құрылымдық бөліністерге анықтамалар беру бойынша жұмысты жүзеге асырады;

сақтауға берілетін құжаттарды және мұрағат материалдардың сақталуын және істерді қалыптастыруды, істерді дер кезінде мұрағатқа тапсыруды ресімдеуге жауап береді;

қызметтік құжаттарды басып шығаруды және көбейтуді қамтамасыз етеді;

ай сайын ұйымның медициналық статистигіне есеп береді, ӘДК жұмысының қорытындысы бойынша жылдық есепті жасауға арналған есепке алу-медициналық құжаттаманы дайындайды;

басшылық шақыратын кеңестерге техникалық қызмет көрсетуді қамтамасыз етеді;

ӘДК құжаттары бланкілерінің болуын тексереді және оларға тапсырыс беру үшін өтінімдер дайындайды;

медициналық құжаттарды уақтылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді, есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді;

куәландырылатын адамдардың бойын, дене салмағын кейіннен медициналық куәландыру актісіне жаза отырып, антропометриялық өлшеулер жүргізеді;

бөліністі қажетті диагностикалық дәрілік заттармен, медицинаға арналған бүйімдармен, медициналық техникамен, қамтамасыз етуді ұйымдастырады, олардың дұрыс сақталуын, есепке алуды және есептен шығаруды қамтамасыз етеді, бөліністің медициналық мүлкінің және құрал-саймандарының сақталуына, олардың уақтылы жөндеуден өткізілуіне бақылау жасайды;

бөлініс мамандарының арасындағы гигиеналық оқытып-ұйрету, санитариялық-ағарту және салауатты өмір салтын насиҳаттау жұмыстарына, олардың індектеке қарсы іс-шараларды, асептика және антисептиканы сақтауына бақылау жүргізеді;

ағымдағы санитарлық қадағалауды іске асырады, індектеке қарсы іс-шараларды ұйымдастырады және үй-жайлардың санитариялық-гигиеналық жағдайына бақылау жүргізеді;

медициналық құрал-саймандарды дер кезінде санитарлық өндеуден және зарарсыздандырудан өткізеді;

кезек күттірмейтін жағдайларда дәрігерге дейінгі көмек көрсетеді;

әскери-дәрігерлік сараптама мәселелері бойынша ведомствоның құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

ӘДК басшылығының қарауына ұйымдастыру және еңбек жағдайларын жетілдіру, жақсарту бойынша ұсыныстар енгізеді;

ішкі еңбек тәртібінің талаптарын және еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, медицина қызметкерінің құпиясын, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидатын сақтайды;

Қазақстан Республикасының техника қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өrt қауіпсіздігі, санитарлық-эпидемиологиялық режимі саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің орындалуына, сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және приборлардың, жабдықтардың және механизмдердің техникалық тиімді пайдалануын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 26.06.2025 № 472 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Қазақстан Республикасының Конституациясын;
"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексті;
Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті;
"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Зандарын;
әскери-дәрігерлік сараптама мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді,
денсаулық сақтауды ұйымдастыру және басқару жүйесінің теориялық негіздерін, статистиканы;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өrt қауіпсіздігі жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Біліктілікке қойылатын талаптар:
техникалық және кәсіптік (арнайы орта, кәсіптік орта), орта білімнен кейінгі "Медбике ісі" мамандығы бойынша арнайы медициналық білім, біліктілік деңгейі орта кез келген мамандық бойынша маман сертификатының болуы, жұмыс өтіліне талаптар қойылмайды.

3-тaraу. Басқа қызметшілер (техникалық орындаушылар) лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Медициналық тіркеуші

Ескерту. 1-параграфы алып тасталды - ҚР Ішкі істер министрінің 26.06.2025 № 472 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-параграф. Мурағатшы

25. Лауазымдық міндеттері.

бөліністе мұрағат ісін жүргізу бойынша жұмысты жүзеге асырады;

белгіленген тәртіпке сәйкес іс жүргізу аяқталған құжаттарды қабылдауды, тіркеуді, жүйелендіруді, мұрағаттық құжаттардың сақталуын, есепке алынуын және пайдаланылуын қамтамасыз етеді;

оларды ыңғайлы және жылдам іздестіруді қамтамасыз етеді, келіп түскен сұру салуларға сәйкес мұрағаттық көшірмелер мен құжаттарды береді, мұрағат құжаттарында бар мәліметтер негізінде қажетті анықтамаларды жасайды, мұрағаттың жұмысы туралы есептілікті жасау үшін деректерді дайындауды қамтамасыз етеді;

құрылымдық беліністердің қызметкерлеріне істерді қалыптастыру, дайындау және мұрағатқа тапсыру тәртібі туралы нұсқау береді, іс жүргізу аяқталған құжаттардың мұрағатқа уақтылы келіп түсуін бақылайды;

істер номенклатурасын әзірлеуге қатысады, оларды мұрағатқа беру кезінде қалыптастыру мен ресімдеудің дұрыстығын тексереді;

мұрағат құжаттарының ғылыми және практикалық құндылығын сараптау, құжаттарды тұрақты және уақытша сақтау істеріне қалыптастыру жөніндегі жұмысқа қатысады;

тұрақты және уақытша сақтау мерзімі бірліктерінің жиынтық тізімдемесін, құжаттарды мемлекеттік сақтауға беру актілерін, сақтау мерзімі өткен материалдарды есептен шығару және жою жұмысын жүргізеді;

құжат айналымын және істер санын есепке алууды жүргізеді, белгіленген есептілікті жасайды;

іс жүргізу және мұрағат ісін ұйымдастыру жөніндегі ережелерді, нұсқаулықтарды, ережелерді әзірлеуге қатысады;

құжаттардың жай-қүйін, олардың уақтылы қалпына келтірілуін, мұрағат үй-жайларында құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету үшін қажетті шарттардың сақталуын қадағалайды, мұрағат үй-жайларында өртке қарсы қорғау қағидаларының сақталуын бақылайды;

медициналық құжаттарды уақтылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді, есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді;

әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері, есепке алу және есептілік тәртібі бойынша ведомстволық құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, медицина қызметкерінің құпиясын, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидатын сақтайды;

сеніп тапсырылған мұліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдалануды, Қазақстан Республикасының

еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, санитариялық-эпидемиологиялық режим саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

26. Қазақстан Республикасының Конституциясын;
"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексті;
Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті;
"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Құқықтық актілер туралы" Зандарын;
статистиканың теориялық негіздерін;

іс қағаздары жүйесін және мұрағат ісін жүргізу бойынша әдістемелік және нормативтік-техникалық құқықтық актілерді, құжаттарды мұрағатқа қабылдау және тапсыру, оларды сақтау және пайдалану тәртібін, олардың қолданыстағы классификациясын, тұрақты және уақытша сақталатын құжаттардың және құжаттарды жою туралы актілердің тізбесін жасау тәртібін, істерді ресімдеу, оларды сақтауға және пайдалануға әзірлеу тәртібін, есепке алууды және есеп беруді жүргізу тәртібін;

енбек заңнамасының негіздерін;
ішкі еңбек тәртібі қағидаларын, қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өрт қауіпсіздігі бойынша қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - КР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашкы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Біліктілікке қойылатын талаптар:

техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе жалпы орта білім және іс жүргізуге байланысты лауазымдардағы жұмыс өтілі 1 жылдан кем емес.

2-бөлім. Психофизиологиялық зертхана басшылары және мамандары лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

1-параграф. Бас сарапшы-психолог-психофизиологиялық зертхана бастығы

28. Лауазымдық міндеттері:

ІМ ОӘДК, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың полиция департаменттерінің әскери-дәрігерлік комиссияларының ІМ ОӘДК психофизиологиялық зертханасының (бұдан әрі - ПФЗ) қызметіне үйимдастырушылық-әдістемелік басшылықты және бақылауды жүзеге асырады;

психологиялық іріктеу бөліністері қызметінің жалпы стратегиясын анықтайды;
ІМ ОӘДК ПФЗ жұмысын жоспарлайды;

құқық қорғау органдарында психофизиологиялық куәландыру іс-шараларының тиімділігін талдау және зерделеу жүргізеді, жұмыстың тиімділігін, сапасын одан әрі

арттыруға бағытталған зерттеудің жаңа әдістерін енгізуді және қолданыстағы әдістерін жетілдіруді қамтамасыз етеді;

психофизиологиялық зерттеулер әдістемелерін қолдану мен интерпретациялауды, кәсіби іріктеуді реттейтін қолданыстағы нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды ПФЗ мамандарының сақтауын қамтамасыз етеді;

жұмысты ұйымдастырады, сондай-ақ қызметке қабылданатын, оқу орындарына түсетін кандидаттарды, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін психофизиологиялық тексеруді дербес жүргізеді;

психофизиологиялық тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдық сипаттағы қорытындылар шығарады;

қызметкердің кәсіби қабілеттерінің даму перспективасын ескере отырып, еңбек мүмкіндіктерін оңтайлы пайдалану жағдайларына қатысты ұсынымдар, сондай-ақ бөлініс психологиямен психологиялық сүйемелдеу бойынша ұсынымдар береді.

зерттеулер мен қорытындылардың, оның ішінде бағынысты мамандар шығарған зерттеулердің сапасына жауап береді;

құқық қорғау органдарының оқу орындарына оқуга түсетін кандидаттарды соңғы қуәландыру кезінде практикалық көмек көрсетеді;

ПФЗ мамандары, сарапшы-дәрігер психиатр, ӘДК басшылығы және медициналық тіркеуші арасында сараптамалық психологиялық ақпарат пен құжаттаманың орнын ауыстыруды қамтамасыз етеді;

куәландырылатын адамдардың психологиялық жағдайына қатысты мәліметтердің құпиялышы үшін жауапты болады;

кәсіби психологиялық іріктеу мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының құрылымдық бөліністерімен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады, өз міндеттерін орындау және ПФЗ тиімділігін арттыру үшін қажетті ақпаратты алады, оның ішінде кадр аппараттарынан қызметтік және психологиялық сипаттамаларды суратады;

психологиялық іріктеу мәселелерімен айналысатын ғылыми-зерттеу мекемелерімен және ұйымдармен байланысты жүзеге асырады;

хаттарды, шағымдар мен өтініштерді қарайды, кәсіби психологиялық іріктеу мәселелері бойынша азаматтарды қабылдауды жүргізеді, осы жұмыстың нәтижелеріне талдау және жинақтау жүргізеді;

есепке алу-есеп беру құжаттамасын уақтылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді;

ІМ О ӘДК ПФЗ статистикалық есептерін және ПО барлық ӘДК ПФЗ қызметі бойынша жиынтық статистикалық есептерді жасайды және талдайды;

ІМ ОӘДК басшылығына есептілікті уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың полиция департаменттерінің ӘДК -ның ОДҚ және ІМ ОӘДК ПФЗ қызметінің соңғы нәтижелерін талдау мен бағалауды жүзеге асырады;

әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері, есепке алу және есептілік тәртібі бойынша ведомствоның құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды өзірлеуді қамтамасыз етеді;

әскери-дәрігерлік сараптама және психологиялық іріктеу мәселелері бойынша кеңестерді, ғылыми-практикалық конференцияларды, жиындарды қарайды және әзірлейді;

ПФЗ қызметіне байланысты мәселелер қаралатын кеңестерге, конференцияларға, съездерге қатысады;

құрылымдық бөліністі білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, мамандардың біліктілігін арттыру, олардың кәсіби білімін дамыту бойынша шаралар қабылдайды;

ішкі еңбек тәртібінің талаптарын және еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, медицина қызметкерінің құпиясын, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидатын сақтайды және бағынысты мамандардың сақтауын қамтамасыз етеді;

қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамалары мен белсенделігін дамытуға, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыруға, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ықпал етеді;

психологиялық сараптама құжаттамасының сақталуын, сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдалануды, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, санитариялық-эпидемиологиялық режим саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді.

29. Қазақстан Республикасының Конституациясын;

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексін;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Құқықтық актілер туралы";

әскери-дәрігерлік сараптама, психофизиологиялық куәландыру мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді, жұмыс тақырыбы, психологиялық тестілеу әдістемесі жөніндегі нормативтік материалдарды;

статистиканың теориялық негіздерін;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) психологиялық білім немесе психология бойынша дайындығы бар жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) медициналық/педагогикалық білім; медициналық психология бойынша мамандануның болуы;

лауазымның атауына сәйкес мамандығы бойынша мемлекеттік органдардың орталық бөліністерінде кемінде 3 жыл немесе мемлекеттік органдардың аумақтық бөліністерінде клиникалық немесе сараптамалық жұмыс өтілі кемінде 5 жыл.

2-параграф. Облыстық, республикалық маңызы бар қаланың Полиция департаменті әскери-дәрігерлік комиссиясының зертхана бастығы-сарапшы-психолог

31. Лауазымдық міндеттері:

облыстық, республикалық маңызы бар қаланың полиция департаменті ӘДК ПФЛ қызметіне ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылық етуді және бақылауды жүзеге асырады;

психологиялық іріктеу бөліністері қызметінің жалпы стратегиясын анықтайды;

ПФЗ жұмысын жоспарлайды;

психофизиологиялық тексерудің тиімділігіне талдау және зерделеу жүргізеді, құқық қорғау органдарында психодиагностикалық және психофизиологиялық куәландыруды ұйымдастыру және жүргізу тиімділігін, сапасын одан әрі арттыруға бағытталған зерттеудің жаңа әдістерін енгізуі және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді;

психофизиологиялық зерттеу әдістемелерін қолдану мен интерпретациялауды, кәсіби іріктеуді реттейтін қолданыстағы нұсқаулық-әдістемелік құжаттарды ПФЗ мамандарының сақтауын қамтамасыз етеді;

жұмысты ұйымдастырады, сондай-ақ қызметке қабылданатын, оқу орындарына түсетін кандидаттарды, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін психофизиологиялық тексеруді дербес жүргізеді;

психофизиологиялық тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдық сипаттағы қорытындылар шығарады;

қызметкердің кәсіби қабілеттерінің даму перспективасын ескере отырып, еңбек мүмкіндіктерін онтайлы пайдалану жағдайларына қатысты ұсынымдар, сондай-ақ бөлініс психологымен психологиялық сүйемелдеу бойынша ұсынымдар береді.

зерттеулер мен қорытындылардың, оның ішінде бағынысты мамандар шығарған зерттеулердің сапасына жауап береді;

құқық қорғау органдарының оқу орындарына түсетін кандидаттарды соңғы куәландыру кезінде практикалық көмек көрсетеді;

ПФЗ мамандары, сарапшы-дәрігер психиатр, ӘДК басшылығы және медициналық тіркеуші арасында сараптамалық психологиялық ақпарат пен құжаттаманың орнын ауыстыруды қамтамасыз етеді;

куәландырылатын адамдардың психологиялық жағдайына қатысты мәліметтердің құпиялылығы үшін жауапты болады;

кәсіптік психологиялық іріктеу мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының құрылымдық бөліністерімен өзара іс-қимыл жасасуды жүзеге асырады, өз міндеттерін орындау және ПФЗ тиімділігін арттыру үшін қажетті ақпаратты алады, оның ішінде кадр аппараттарынан қызметтік және психологиялық сипаттамаларды сұратады;

психологиялық іріктеу мәселелерімен айналысатын ғылыми-зерттеу мекемелерімен және ұйымдармен байланысты жүзеге асырады;

хаттарды, шағымдар мен өтініштерді қарайды, кәсіби психологиялық іріктеу мәселелері бойынша азаматтарды қабылдауды жүргізеді, осы жұмыстың нәтижелеріне талдау және жинау жүргізеді;

есепке алу-есеп беру құжаттамасын уақтылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді;

облыстық, респубикалық маңызы бар қаланың полиция департаментінің ӘДК ПФЗ статистикалық есептерін жасайды және талдайды;

ІІМ ОӘДК және ӘДК басшылығына есептілікті уақтылы ұсынуды қамтамасыз етеді ;

облыстық, респубикалық маңызы бар қаланың полиция департаментінің ӘДК ПФЗ қызметтің түпкілікті нәтижелеріне талдау мен бағалауды жүзеге асырады;

әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері, есепке алу және есептілік тәртібі бойынша ведомствоның құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

әскери-дәрігерлік сараптама және психологиялық іріктеу мәселелері бойынша кенестер, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, жиындар материалдарын қарайды және әзірлейді;

ПФЗ қызметіне байланысты мәселелер қаралатын кенестер, конференциялар, съездер материалдарын қарайды және әзірлейді;

құрылымдық бөліністі білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, мамандардың біліктілігін арттыру, олардың кәсіби білімін дамыту бойынша шаралар қабылдайды;

ішкі еңбек тәртібінің талаптарын және еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, медицина қызметкерінің құпиясын, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидатын сақтайды және бағынысты мамандардың сақтауын қамтамасыз етеді;

қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамалары мен белсенделігін дамытуға, ұжымда қолайлы психологиялық атмосфераны қалыптастыруға, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауға ықпал етеді;

психологиялық сараптама құжаттамасының сақталуын, сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді

техникалық пайдалануды, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, санитарлық-эпидемиологиялық режим саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

32. Қазақстан Республикасының Конституциясын;
"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексті;
Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті;
"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Зандарын;

әскери-дәрігерлік сараптама, психофизиологиялық куәландыру мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді, жұмыс тақырыбы, психологиялық тестілеу әдістемесі жөніндегі нормативтік материалдарды;

статистиканың теориялық негіздерін;
қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

Ескерту. 32-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) психологиялық білім немесе психология бойынша дайындығы бар жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) медициналық/педагогикалық білім; медициналық психология бойынша мамандануының болуы;

мемлекеттік органдардың аумақтық бөліністерінде лауазымның атауына сәйкес мамандығы бойынша, клиникалық немесе сараптамалық жұмыс өтілі кемінде 1 жыл.

3-параграф. Жетекші сарапшы-психолог

34. Лауазымдық міндеттері:

психофизиологиялық тексеруді жүзеге асырады, қызметке қабылданатын, оқу орындарына түсетін кандидаттарды, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдық сипаттағы қорытындылар шығарады;

қызметкердің кәсіби қабілеттерінің даму перспективасын ескере отырып, еңбек мүмкіндіктерін онтайлы пайдалану жағдайларына қатысты ұсыныстар, сондай-ақ бөлініс психологияның психологиялық сүйемелдеуі бойынша ұсыныстар береді.

тексеру жүргізуіндің және шығарылған қорытындының сапасына жауапты;
құқық қорғау органдарының оқу орындарына оқуға түсетін кандидаттарды түпкілікті куәландыру кезінде практикалық көмек көрсетеді;

ПФЗ мамандары, сарапшы-дәрігер психиатр, ӘДК басшылығы және медициналық тіркеуші арасында сараптамалық психологиялық ақпарат пен құжаттаманың орнын ауыстыруды қамтамасыз етеді;

ІІМ ПФЗ, төменгі тұрған аумақтық комиссиялары ПФЗ есептерін жасау, өндеге және талдауға қатысады;

куәландырылатын адамдардың психологиялық жағдайына қатысты мәліметтердің құпиялылығы үшін жауапты болады;

сараптама құжаттарын уақтылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді, есепке алу-есеп беру құжаттарын жүргізеді;

басшылықта психодиагностика мен кәсіби психологиялық іріктеуді жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді, өз құзыреті шеңберінде әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері, есепке алу және есептілік тәртібі бойынша ведомстволық құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидатын сақтайды;

психологиялық сараптама құжаттамасының сақталуын, сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдалануды, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, санитариялық-эпидемиологиялық режим саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

35. Қазақстан Республикасының Конституациясын;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті;

"Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қымыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Құқықтық актілер туралы" Зандарын;

әскери-дәрігерлік сараптама, психофизиологиялық куәландыру мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді, жұмыс тақырыбы, психологиялық тестілеу әдістемесі жөніндегі нормативтік материалдарды;

статистиканың теориялық негіздерін;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

Ескерту. 35-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

36. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) психологиялық білім немесе психология бойынша дайындығы бар жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) медициналық/педагогикалық білім;

лауазымның атауына сәйкес мамандығы бойынша сараптамалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

4-параграф. Аға сарашы-психолог

37. Лауазымдық міндеттері:

психофизиологиялық күеландыруды жүзеге асырады, қызметке қабылданатын, оқу орындарына түсетін кандидаттарды, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін психодиагностикалық тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдық сипаттағы қорытындылар шығарады;

қызметкердің кәсіби қабілеттерінің даму перспективасын ескере отырып, еңбек мүмкіндіктерін оңтайлы пайдалану жағдайларына қатысты ұсыныстар, сондай-ақ бөлінс психологияның психологиялық сүйемелдеуі бойынша ұсыныстар береді.

тексеру жүргізудің және шығарылған қорытындының сапасына жауапты;

құқық қорғау органдарының оқу орындарына түсетін кандидаттарды соңғы күеландыру кезінде практикалық көмек көрсетеді;

ПФЗ мамандары, сарапшы-дәрігер психиатр, ӘДК басшылығы және медициналық тіркеуші арасында сараптамалық психологиялық ақпарат пен құжаттаманың орнын ауыстыруды қамтамасыз етеді;

ІМ ПФЗ, төменгі тұрган аумақтық комиссиялары ПФЗ есептерін жасау, өңдеу және талдауға қатысады;

куәландырылатын адамдардың психологиялық жағдайына қатысты мәліметтердің құпиялылығы үшін жауапты болады;

сараптама құжаттарын уақытылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді, есепке алу-есеп беру құжаттарын жүргізеді;

басшылыққа психодиагностика мен кәсіби психологиялық іріктеуді жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері, есепке алу және есептілік тәртібі бойынша ведомстволық құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, этика нормаларын, субординация және дара басшылық принципін сақтайды;

психологиялық сараптама құжаттамасының сақталуын, сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдалануды, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, санитарлық-эпидемиологиялық режим саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

38. Қазақстан Республикасының Конституациясын;

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы", "Құқықтық актілер туралы" Зандарын;

әскери-дәрігерлік сараптама, психофизиологиялық күеландыру мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді, жұмыс тақырыбы, психологиялық тестілеу әдістемесі жөніндегі нормативтік материалдарды;

статистиканың теориялық негіздерін;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) психологиялық білім немесе психология бойынша дайындығы бар жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) медициналық/педагогикалық білім;

лауазымның атауына сәйкес мамандығы бойынша сараптамалық жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

5-параграф. Сарапшы-психолог

40. Лауазымдық міндеттері:

облыстық, республикалық маңызы бар қаланың полиция департаментінің ӘДК психофизиологиялық тексеруді жүзеге асырады, қызметке қабылданатын, оқу орындарына түсетін кандидаттарды, құқық қорғау органдарының қызметкерлерін тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдық сипаттағы қорытындылар шығарады;

қызметкердің кәсіби қабілеттерінің даму перспективасын ескере отырып, еңбек мүмкіндіктерін оңтайлы пайдалану жағдайларына қатысты ұсыныстар, сондай-ақ бөлініс психологияның психологиялық сүйемелдеуі бойынша ұсыныстар береді.

тексерулердің және шығарылған қорытындылардың сапалы жүргізуіне жауапты;

құқық қорғау органдарының оқу орындарына түсетін кандидаттарды соңғы қуәландыру кезінде практикалық көмек көрсетеді;

ПФЗ мамандары, сарапшы-дәрігер психиатр, ӘДК басшылығы және медициналық тіркеуші арасында сараптамалық психологиялық ақпарат пен құжаттаманың орнын ауыстыруды қамтамасыз етеді;

куәландырылатын адамдардың психологиялық жағдайына қатысты мәліметтердің құпиялышы үшін жауапты болады;

психологиялық сараптама құжаттарын уақытылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді, есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді;

облыстық, республикалық маңызы бар қаланың полиция департаменті ӘДК ПФЗ тоқсандық, жылдық статистикалық есептерін жасайды және талдайды;

ІМ ОӘДК және ӘДК ПФЗ басшылығына есептілікті уақытылы ұсынуды қамтамасыз етеді;

кәсіптік психологиялық іріктеу мәселелері бойынша құқық қорғау органдарының құрылымдық бөлімшелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады, өз міндеттерін

орындау және ПФЗ тиімділігін арттыру үшін қажетті ақпаратты алады, оның ішінде кадр аппараттарынан қызметтік және психологиялық сипаттамаларды сұратады;

басшылықта психодиагностика мен кәсіби психологиялық іріктеуді жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізеді;

әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері, есепке алу және есептілік тәртібі бойынша ведомстволық құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

өзінің және зертхананың немесе топтың міндеттерін орындауға қажетті ақпарат алады; кенестерге, конференцияларға, съездерге материалдар әзірлейді;

есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді;

еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидатын сақтайды;

сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдалануды, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, санитариялық-эпидемиологиялық режим саласындағы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

41. Қазақстан Республикасының Конституациясын;

"Сыбайлас жемқорлықта қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Зандарын;

әскери-дәрігерлік сараптама, психофизиологиялық куәландыру мәселелеріне қатысты құқықтық актілерді, жұмыс тақырыбы, психологиялық тестілеу әдістемесі жөніндегі нормативтік материалдарды;

статистиканың теориялық негіздерін;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

42. Біліктілікке қойылатын талаптар:

жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) психологиялық білім немесе психология бойынша дайындығы бар жоғары (немесе жоғары оқу орнынан кейінгі) медициналық/педагогикалық білім;

лауазым атауына сәйкес келетін мамандық бойынша жұмыс өтілі кемінде 1 жыл.

6-параграф. Психофизиологиялық зертхананың аға лаборанты

43. Лауазымдық міндеттері:

жұмысты ұйымдастырады, сондай-ақ тексерілушілерді тіркеуді, тестілеуді өткізу алдында нұсқауды, тестілеу хаттамаларының паспорттық бөлігінің толтырылуын бақылауды жүзеге асырады, қайта тексерілуші адамдардың деректерін тексереді;

психологтың жолдамасы бойынша белгіленген зерттеу бағдарламасына және қосымша тестілеу түрлеріне сәйкес тестілеу процесін жүргізуді қамтамасыз етеді;

жүргізілетін тестілеу әдістемелерімен байланысты есептеу және графикалық жұмыстарды орындауды және әдістемелік ұсынымдарға сәйкес зерттеу, өлшеу нәтижелерін ресімдейді, оларды тіркеуді және есепке алууды жүргізеді;

келісім бойынша тексерілетін тұлғаларды психологтың қабылдау кезектілігі мен уақытын анықтайды;

сарапшы-психологқа сараптамалық психологиялық ақпарат пен құжаттаманы сақтауды және ауыстыруды қамтамасыз етеді;

ПФЗ бойынша статистикалық есепті жасауға қатысады;

тестілеуді өткізу сапасына жауапты;

психологиялық сараптама құжаттамасын, медициналық құжаттаманы уақтылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді, есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді;

әскери-дәрігерлік сараптама, есепке алу және есеп беру мәселелері бойынша ведомстволық құқықтық актілерді, нұсқаулықтарды, түсініктемелерді және әдістемелік ұсыныстарды әзірлеуге қатысады;

еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, этика нормаларын, субординация және дара басшылық қағидытын сақтайды;

сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдалануды, Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, санитариялық-эпидемиологиялық режим саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

44. Қазақстан Республикасының Конституациясын;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Зандарын;

жұмыс тақырыбы бойынша басшылық, нормативтік және анықтама материалдарын, негізгі және қосымша зерттеулер жүргізу әдістерін, қолданыстағы стандарттарды және зерттеулер жүргізуге қажетті пайдаланылатын жабдықтарды, техникалық есептерді орындау әдістері мен құралдарды, жұмыс қағидаларын, ПФЗ-ның статистикалық есепке алу және есеп беру құжаттамасын және бастапқы құжаттардың нысандарын ресімдеу тәртібін;

статистиканың теориялық негіздерін;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

45. Біліктілікке қойылатын талаптар:

техникалық немесе кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім, жұмыс өтілі мамандығы бойынша кемінде 2 жыл.

7-параграф. Психофизиологиялық зертхана лаборанты

46. Лауазымдық міндеттері:

тексерілүшілерді тіркеуді жүзеге асырады, тестілеуді өткізу алдында нұсқаулық өткізеді, тестілеу хаттамаларының паспорттың бөлігінің толтырылуын бақылайды;

қайта тексеруден өтетін адамдардың деректерін тексереді;

психологтың жолдамасы бойынша белгіленген зерттеу бағдарламасына және қосымша тестілеу түрлеріне сәйкес тестілеу жүргізеді;

жүргізілетін тестілеу әдістемелерімен байланысты есептеу және графикалық жұмыстарды орындайды және әдістемелік ұсынымдарға сәйкес зерттеу, өлшеу нәтижелерін ресімдейді, оларды тіркеуді және есепке алууды жүргізеді;

келісім бойынша тексерілетін тұлғаларды психологтың қабылдау кезектілігі мен уақытын анықтайды;

сарапшы-психологқа сараптамалық психологиялық ақпарат пен құжаттаманы сақтауды және ауыстыруды қамтамасыз етеді;

ПФЗ бойынша статистикалық есепті жасауға қатысады;

тестілеуді өткізу сапасына жауапты;

психологиялық сараптама құжаттарын уақытылы және сапалы ресімдеуді қамтамасыз етеді, есепке алу-есеп беру құжаттамасын жүргізеді;

еңбек тәртібін, кәсіптік этиканы, деонтологияны, этика нормаларын, субординация және дара басшылық принципін сақтайды;

сеніп тапсырылған мұліктің сақталуын және тиімді пайдаланылуын, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдалануды, Қазақстан Республикасының еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өртке қарсы қауіпсіздік, санитарлық-эпидемиологиялық режим саласындағы нормативтік құқықтық актілерінің сақталуын қамтамасыз етеді;

47. Қазақстан Республикасының Конституциясын;

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы", "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Зандарын;

жұмыс тақырыбы бойынша басшылық, нормативтік және анықтама материалдарын, негізгі және қосымша зерттеулер жүргізу әдістерін, қолданыстағы стандарттарды және зерттеулер жүргізуге қажетті пайдаланылатын жабдықтарды, техникалық есептерді орындау әдістері мен құралдарды, жұмыс қағидаларын, ПФЗ-ның статистикалық есепке алу және есеп беру құжаттамасын және бастапқы құжаттардың нысандарын ресімдеу тәртібін;

статистиканың теориялық негіздерін;

қауіпсіздік және еңбекті қорғау, өндірістік санитария және өртке қарсы қауіпсіздік жөніндегі қағидалар мен нормаларды білуге тиіс.

48. Біліктілікке қойылатын талаптар.

техникалық және кәсіптік (орта арнайы, орта кәсіптік), орта білімнен кейінгі білім, жұмыс өтіліне талап қойылмайды немесе жалпы орта білім және іс жүргізуге байланысты лауазымдардағы жұмыс өтілі кемінде 1 жыл.

3-бөлім. Маман-полиграфологтар лауазымдарының біліктілік сипаттамалары

Ескерту. 3-бөлім алып тасталды - КР Ішкі істер министрінің 19.04.2022 № 239 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК